



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА  
GUMILYOV EURASIAN  
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2015»  
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

---

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
X Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2015»

---

PROCEEDINGS  
of the X International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2015»

**УДК 001:37.0**  
**ББК72+74.04**  
**Ғ 96**

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0  
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2015

өзіміз си-сияпат жасап ұсынатын бұйымдарымыз немесе олардың өздері қалап естелік ретінде сатып алатын кәдесыйлар бүгінгі күнде нарықта айтарлықтай сұранысқа ие болуда. Дегенмен, аталған бұйымдар ұлттық бренд деңгейінен әлемдік бренд деңгейіне көтерілді деуге негіз жоқ.

Жоғарыда баяндалғанды қорытындылай келе, айтарымыз – біздің брендтерді ұтымды етіп құрастыру және оларды нарықта ойдағыдай қарқынмен жылжыту үшін озық шетелдік тәжірибеге негізделген аталмыш мәселені шешуге бағытталған салмақты теориялық база құру және тиімді ғылыми зерттеу нәтижелерін қазақстандық өнеркәсіптерге жаппай ендіру қажет. Сонымен қатар, брендтерге қойылатын талаптарды стандартандыру арқылы отандық өнім өндірушілерге кәсіби деңгейде көмек көрсету қажет деп білеміз.

#### **Қолданылған дереккөздер:**

1. Бегимбай К.М. Теоретические основы технологии брендинга // Архитектура, строительство и транспорт: состояние и перспективы развития. Материалы республиканской научно-практической конференции. – Астана, ЕНУ. 2014, – С. 287.
2. Брендинг-технологии. Материал из Интернет-сайтов.
3. Бегимбай К.М. Проблемы промышленного дизайна в Казахстане. –Астана, Вестник ЕНУ. 2010. № 75. –С.67.
4. Бегімбай К.М., Ахман С. Әлемдік брендтер қалыптастыруда ұлттық ерекшеліктерімізді сақтаудың маңызы // Сәулет, құрылыс және көлік: қазіргі жағдайы және даму болашақтары. Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана, ЕҰУ.2014, – Б.213.

#### **УДК 7.067**

#### **ЗАМАНАУИ ӨНЕРДІҢ ДИЗАЙНҒА ӘСЕРІ МЕН ОНЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ**

**Белесарова Бакыт Бахтияровна**

[belessarova@yandex.ru](mailto:belessarova@yandex.ru)

Дизайн Магистрі, Еуразиялық Дизайнерлер Одағының Мүшесі,  
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің аға оқытушысы, Қазақстан, Астана

Заманауи өнердің бүгінгі көрінісі 1960-70 жылдардан бастап шетелдерде құрыла бастады. Заманауи өнер ағылшын тіліндегі «өзекті өнер» деген аудармасы жиі кездесетін contemporary art сөзінен шыққан. Жиі кездесетін заманауи өнер түсінігінің астарында, өнердің модернизмге қарай ығысып, өрлеп келе жатқанын немесе оған қарама-қарсы екендігі түсіндіріледі. Бір ғана автордың туындылары көрсетілетін көрме, өзекті өнер мұражайы және заманауи өнер мұражайлары жайдан-жай пайда болған жоқ.

Көркем- өнерлік ізденісті өз кезеңінде екенінің бірі, көбінесе модернизмге баламалап, таңдайтын өнерді іздеу сияқты сипаттауға болады, бұл модернизмнің қағидаларына тікелей қарсы шығумен пара-пар болып келеді. Бұл объектіні (перформанстар және хеппенингтер) материалсыздандыруға дейін жаңа образдарды іздеуде, түрлі бейнелерге жаңа материалдар мен құралдарды іздеу барысында айқын көрінді. Көптеген суретшілер «постмодернизм» терминін ұсынған француз философтарының соңынан ерді. Бұл жерде, объекіден процесске жылжу пайда болды деп те айтуға да болады.

Шетелдің ең елеулі оқиғаларының бірі 60 және 70 жылдары концептуалды көркем өнер мен минимализмнің дамуы деп айтуға болады. Әлеуметтік арт-процесске бағытталған көзқараспен 70 жылы суретшілердің қатары да, шығармашылығының жоғарылағандығы едәуір байқалып, күшейген кезі: 70 жылдың орталарында ең елеулі көрінісі өнерде феминизм

бағыты пайда болды, сонымен қатар 1980 жылы этникалық жетіспеушіліктер мен әлеуметтік топтардың белсенді дами түсуімен есте қалған болатын.

70 және 80 жылдардың соңы «Жаңа ерсі, жабайы» қозғалыстар сияқты түстердің және пішіндердің дамып, өркендеген, өнерге деген қызығушылықтың қайта келуімен және минимализм, концептуалды өнерден «шаршаған» кейіппен сипатталады. 80 жылдың ортасында ист-виллидж өнері, көпшіліктің белсенді қолданатын мәдениеттің түрі кэмпизм, нео-поптың күшіне енгені сияқты көптеген өзгерістер пайда болды. Бұл уақыт аралығында фотосурет өнері де дамып, көптеген суретшілер оған көркем өнердің бір түрінің құралы ретінде қарай бастады.

Заманауи өнердің дизайн-жобалауға әсері, ол дизайнерлер қазіргі уақытта XX ғасырдағы көркем өнердің мақсаты мен міндетін ашуда, дизайнерлік әдіс тәсілдер мен құралдарды дамытуда көзге көрінетін жаңа біртума идеяларды ойлап табуы. Өнер дизайнерлерді шығармашылық жоспарларын кеңейтіп, байытады және олардың шабытын, жалындаған күш-қуатын арттыра түседі. Авангардтық өнердің жетістіктерін зерттеп, оқу, көркем бейнелерді жасауда дизайнерлердің креативті ойларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін көркем өнер әдісі, тәсілдері мен құралдарды талдап, өңдеу барысындағы тәжірибелік сала сияқты болып табылады.

Дизайндағы әр түрлі стильдердің дамуындағы беталысына суретші-абстракционистердің әсер ету ерекшеліктерін қарастыру қажет болады. Сонымен бірге, егер, дизайнның ерекшеліктерін зерттейтін болсақ, онда дизайнерлік амалдар мен құралдардың көмегімен заманауи өнер ұғымын түсіндіруге болады. М. Рагон заманауи өнерді адамдар біртұтас заманауи қоршаған орта және абстракты өнер туындыларын қабылдамайтындығымен байланыстырып түсіндіреді [1, 46 б.].

Дизайн өнімдерінің нәтижесін өнертанымдық бағалау үшін, дизайнерлердің тәжірибе жинақтаудағы әрекеттері үшін, дизайн теориясын дамыту үшін, дизайнерлік әрекеттерді заманауи өнерге айналдыру, сонымен қатар өнерде қолданылатын дизайн әдісі, тәсілдері мен құралдары алмастыру дәрежесі мен оның дизайнға әсер ету формасын анықтап, табу. Дизайн пәндік - кеңістіктік ортасын өнерді құрайтын келесі элементтер арқылы қарастырамыз, олар: көркемдік әдіс, қалыптасу қағидалары.

Дизайнның көркемдік әдісі, ол шығармашылық қызметтің дербес түрі болып табылатын абстракты өнер сияқты. Абстрактылы өнердің түп негізінде көркемдік әдістермен байланысты болып келетін көркем шығармашылық жатыр. Дизайнерлік қызметтер ғылыми, техникалық және көркем шығармашылықтан тұрады, сондықтан көркем және ғылыми-техникалық шығармашылықтың процесінде дизайнерлік пішін қалыптасады және дамып, жетіле түседі. Көркем шығармашылық, ол дизайн саласында рационалды және конструктивті шығармашылықпен, яғни ұтымды да, тиімді, құрылымдық шығармашылықпен байланысты. Бұл байланыс айқындылықты көрсетеді, бірақ оның құрайтын шамалары әр түрлі. Сондықтан дизайнда заманауи өнермен өзара байланыстағы әр түрлі жобалау қызметтерінің бірнеше бағыттары бар.

Өнер мен дизайнның байланысының дәрежесі жобалау кезінде түрлі әдіс тәсілдерді пайдалану арқылы анықталады. Жобалау кезінде 3 тәсіл қолданылады, олар: техникалық құрылымдау, көркемдік қалыптастыру, пайдалы-көркем дизайнда, арт-дизайнда, инженерлерге қатысты дизайнға сәйкес келетін көркем құрастыру болып табылады. Дизайнерлік қызметтің нәтижесінде заттар тәжірибелік және көркем құндылықтардың әр түрлі дәрежесі бар заттар болып қалады. Арт-дизайн заттардың көркем формаларын, нәзік, пластикалық образды жасау сияқты сирек кездесетін шығармашылық жұмыстарды жасаумен

байланысты. Бұл дизайн бағыты заманауи өнер мен сәндік-көркем шығармашылықты бір-біріне жақындата түседі. Арт-дизайнда заттар пайдалы болумен қатар көркем деңгейге дейін жетеді, яғни қарапайым киім ілгіштің өзі өнер туындыларының біріне айналады. Сонымен қатар дизайнерлік қызмет «бұйымдарды негізінен пайдалы да, көркем етіп жасаумен» байланысты болады [2, 21 б.]. Дизайнер ойлап шығарылатын образдың формасын жасап, шығарумен айналысады. Ендеше оның қызметі өзінің жасайтын образын ойлап табумен тығыз байланыста. Қорыта келгенде, өнердегі бар Ю.Б. Боров анықтаған образды ойлау және оны қабылдап, түсіну деген көркем тәсілін жобалау әдісі арт-дизайнның құрамына және пайдалы-көркем дизайнға енгізуі қажет [3, 317 б.].

Өнердегі дизайн мен образдарды қалыптастыру қағидалары XX ғасырдағы өнердің әр түрлі бағыттары, форманы қалыптастыру барысында, дизайнның дамуына әсерін тигізеді, және әлемде жаңа образдар мен формаларды тынбай іздену, ойлап шығарумен айналысады. Дизайнда абстрактылы өнер сияқты, көркем өнердің талаптарына сай және тәжірибелік ізденістермен байланысып отыратын стилдік өзгерістер жиі болады. Бұл мәселелерді поп-арт, оп-арт, минимализм сияқты заманауи өнер бағыттарында мысал ретінде қарастырамыз.

1960-1980 жылдары өнерде «үнемдеудің баршаға мәлім және жүзеге асырылған, ең бір тәжірибеден өткен, «мәнерлеп-бейнелеу» тәсілі», концептуалды бағыт минимализм пайда болды [4, 446 б.]. Құрастырылатын арт-объектілер кішкентай бөлшектерден, қарапайым, шағын және ықшам, айқын пішіндерден тұрады. Ал түстерді таңдау кезінде бір-біріне үйлесіп тұратын біркелкі түстер қолданылады. Бұл ең төмен деңгейдегі құрал ретінде жиһаздарды жобалауда, кеңістікті ұйымдастыру үшін дизайнерлермен келісіліп пайдаланылады (1, 2 сурет). Күңгірт және мөлдір шыны, ілініп тұратын сөрелер, кішкентай шкафтар, кішкентай саңлаусыз жазықтықтар, жылжымалы қалқалар, ақ, сұр, көк түстер, теп-тегіс және түзу қабырғалар минималистік интерьерді жеңіл, айқын, ашып көрсетеді. Жиһаздар қарапайым, «таза» геометриялық пішіндерде жасалынады.



1. Сурет. Минималистік интерьер.



2. Сурет. Минималистік интерьер

Өнерде XX ғасырдың ортасында ағылшын тілінен аударғанда әйгілі өнер деген мағынаны беретін поп-арт бағыты пайда болды. Бұл бағыт көпшіліктің өнеркәсіптік ұйымдарда қолданылатын идеяларын, олардың нақты, зат ретінде қолданатын материалдық дүниелерінің эстетикасын көрсетеді. Поп-арт абстракционизмге жөн-жосықсыз қарсы тұрды.

Арнайы кеңістіктік ортада жасалған, белгілі бір орында орналасқан, көпшіліктің қолданатын бұйымды көркем өнер деп санала бастады. Поп-арт теоретиктері «әр бір бұйым өзінің бастапқы мән мағынасын жоғалтып, өнер туындысына айналады» деп санайды. Шебер көркем бұйым жасамайды, ол қарапайым бұйымнан әдемі, көркем сапалы бұйым жасап шығарады. Сол сияқты кішкентай сәулеттік пішіндерді жобалауда, мысалы дүңгіршектер, бастырмалар немесе шатырларды етіктердің, қалпақтардың, торт немесе хот-догтың көлеміндей болатын үлкен көлемдерге дейін нақты, дұрыс ұлғайтуды бақылайды. [3, 397 б.].

Поп-артта коллаж техникасын, фотомонтажды дәстүрлі кескіндеме мен қосып, араластыра отырып пайдаланылады. Шеберлер әр түрлі материалдарды ерекше дыбысты, жарық, оптикалық әсер беретін дәстүрлі материалдарды қатарласа пайдалана отырып, қолданады. Көлемді пішіндер, мүсіндер жазықтықтағы бейнелермен өзара байланысқанда ғана композиция туындайды. Мұнымен қоса интерьер дизайнерлері, интерьердің кескінін және құрылысын, қиялдағы кеңістіктің көлемін өзгертетін әсерді жасай отырып байланыстырады. Мұндай мысалдарды О. Хайектің жобаларынан кездестіруге болады. Дизайнерлер айна беттерді пайдаланып, жазықтықтағы ғимараттың ішкі және сыртқы қабырғасын кескіндер мен супер графиканы пайдалану есебінен кеңістікті нақты емес, тек елестету арқылы құрастырады. Ерекше ойластырылған кеңістіктер адамға белгілі бір әсер қалдыратын атмосфера жасайды, бойында әсерлі түрлі сезімдерді тудырады. Қабырғаға өрнектер салу, бұл поп-арт шеберлерінің туындылары сияқты өзіне бірнеше жағдайлар мен формаларды байланыстырады, олар: шынайы және суреті салынған.

Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарда еден немесе қабырғаларын безендіру үшін, жиһаздарға қаптауыш ретінде үлкен көлемдегі бұлыңғыр сурет қолданылады. Кейде қабырғаларды безендіру еденмен немесе төбемен есік, жиһаздармен сәйкестендіріп бірінің екіншісіне қарай ұласып, үйлесіп тұратын әсер беруші стильдермен безендіріледі. Шағын кеңістікті көзбен көрген кезде кеңдеу болуы үшін, дизайнерлер терезелердің санын көбейтіп, айнадан жасалынған жасанды терезелерді пайдалану сияқты әдістерді қолданады. Құпия, жүргізілетін кеңістікті ұйымдастыру үшін, интерьер бұйымдарында, жиһаздар қабырғаларда, еден және төбеде жарық және көлеңке түсіріп, жалтылдап, жылтылдап тұратын жарық элементтерін жасау қажет.

Поп-арттың көркем туындыларын жасау барысында ескі немесе ерекше материалдарды ұсталынған, сынған заттарды және басқа да құралдарды пайдаланамыз. Ал керісінше ұсталынған жиһаздарды, оңып кеткен өрнектерді, еден немесе қабырғалардың ескіріп кеткен бетін жаңадан әрлендіріп, әсер беру дизайн интерьерде де, шыққан кантри стилінде де бар. Немесе ескірген құрал-жабдықтардан жаңадан жиһаз жасауға болады, мысалы ескі, сынып қалған тігін машинасы туалет (иіссу) үстеліне айналады. Интерьерді безендіру үшін, кейде түрлі түстермен боялған айғұлақтар, шыны бөтелкелер, фарфордың сынықтары, айна, шыны сияқты ерекше материалдар қолданылады. Поп-арт визуалды мәдениетке, дизайнерлік үлгілердің пайда болуына және құрал-жабдықтардың дамуына ықпалын тигізді. Поп-арттың эстетикалық қағидалары «бұйымдарды әдемі, көркемдеп суреттеу» деген мақсатқа жету, көрген жанға белгілі бір әсер қалдырумен, шынайылықты және қиялдағы ойларды біріктіріп, пайдалы, қонымды немесе ыңғайлы, көзге бірден түсетін, көрнекті жарнамалық қағидалар болып табылады. Бұл қағидалар дизайнның бірнеше бағыттарының қағидаларын ұқсас, жақын болып келеді.

Жоғарыда қарастырылған материалдар дизайндағы заманауи өнердің әсері бірден бір маңызды мәселелерінің бірі екендігін көрсетеді. Дизайнды және заманауи өнерді зерттеушілер XX ғасырдағы ғылым мен техниканың дамуына байланысты, композиция, түстер, үйлесімділіктің, бейнелеудің құрылымдық ырғағын басқа түрге өзгертіп, өнердің

пластикалық түріне әсер етіп, әлемнің көрінісі туралы ұғым, түсінікті түбегейлі өзгертті деп белгілеп көрсетеді.

Қорытындылай келгенде XX ғасырда суретші, шеберлер бұйымдар әлемін жаңа түрде елестетуге ықпалын тигізіп, жаңа визуалды ой, пікір қалыптастырады деп көрсетуіміз қажет. Суретшілер кескіндемеде, графикада және мүсіндерді жасауда қол жетпестей етіп түзетіп, жаңғыртады. XX ғасырдың басында авангардтық өнердің түрлі бағыттары пайда болды. Олардың ішінде біреуі адамның ішкі әлеміндегі психикалық жағдайы мен эмоциясын көрсетіп жатса, ал басқалары – қоршаған ортада, шындығында бар болмыс пен бейнелердің астын сызып, құрылымын ашып көрсететін, жаңа нақты, құрылыс бұйымдарын жасап шығаруды көрсетуге тырысып жатады. [5, 161 б]. Авангардтық өнер үшін абстракция, қысқа да ықшам пластикалық пішіндер, әмбебап бейнелерді жасау, қандай жағдай болмасын шартты түрде бір типке талпынып, келтіру, бір сөзбен айтқанда «жинақтау» тән. (3, 4 Сурет).



3. Сурет. Ж. Брак. Натюрморт гитарамен



4. Сурет. П. Пикассо. Бетперде киген үш музыкант.

Пішінді бейнелеуден бас тартуда, суретшінің құрастыру шығармашылық процесін абстракциялық пішінге айналдырады. Осы орайда, ресми текше құрылыстар саласында суретшінің эксперименті, заттық шығармашылық емес объективті және дизайндағы өнер мен конструктивизмнің пайда болуына әкелді.

Дизайн мен өнердің арасындағы айырмашылықты айтатын болсақ, дизайн бұл белгілі бір міндеттерді орындауға арналған, барынша эстетикалық мәні мен тәжірибелікті дамытып шығару, ал өнер - толық адамның эстетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бағытталған. Бірақ, бұл жерде оңай шатасып кетуге болады, егерде адамның эстетикалық қажеттіліктері барынша ыңғайлылықты құру болып табылатын болса? Ал егер негізгі тапсырма – бұл жерде ыңғайлы қолданбалы затты өнер туындысына айналдырып жасауға болады.

Бұл, менің ойымша: өте ыңғайлы отыруға арналған орындықтың пайда болуы - бұл дизайн болып есептеледі. Ал егер орындықта отыру мүлде өте ыңғайсыз болса, бұл тамаша

өнім болып табылса да, және бүкіл философиялық мәні бар болғанымен, онда ол өнер болып табылады. Бірақ, осы жерде бір қызық сәті бар. Қазіргі замануи уақытта адам баласы өзіне қажетті ыңғайлылықты жасап алуға уақыты жетпейді (әрдайым карьера, жұмыс, профессионалды дамуы, үй, жанұя, деп т.б.) Ал өнер болса, қажетті анықталған білімділіктің түсінігін талап етеді. Нәтижесінде жалпы адам өзіне оны қоршаған өте маңызды ортаны тандайды, үйді, заттар интерьер, автомобиль, киім-кешек олардың эстетикалық қажеттіліктерін қамтасыздандыратын. Біз не айтсақ та, бірақ біз тұтынушы әлемде өмір сүріп келеміз. Міне осыдан келе, қазіргі замануи уақытта, дизайн өнердің «орнын басушы» болып, өзі өнерге айналып отыр.

### **Қолданылған әдебиет**

1. Рагон М. О современной архитектуре/ Мишель Рагон: сокращ. перевод с французского арх. Ж.С. Розенбаума. – М.: гос. изд-во лит-ры по строительству, архитектуре и строительным материалам, 1963. – 234 с.: ил.
2. Эстетические проблемы дизайна: тезисы Всесоюзной конференции/ редактор Р.А. Колечко. - Свердловск: Уральский филиал ВНИИТЭ, 1977. - 56 с.
3. Боров Ю.Б. Эстетика: учеб. Пособие: в 2 т./ Ю.Б. Боров. - Изд. 5-е, допол. – Смоленск: Русич, 1997. – 576 с.: ил.
4. Бычков В.В. Эстетика: учебник/ В.В. Бычков. – М.: Гардарики. – 556 с.
5. Мириманов В.Б. Искусство и миф. Центральный образ картины мира/ В.Б.Мириманов. – М.: Согласие, 1997. – 328 с.: ил.
6. Рычкова Ю.В. Энциклопедия модернизма/ Ю.В. Рычкова. - М.: ЭКСМО-Пресс, 2002.- 224 с.: ил.
7. Визуальная культура и мышление в дизайне: методические материалы/ В.Ф.Колейчук [и др.]. – М.: ВНИИТЭ, 1990. - 89 с.: ил. – Библиотека дизайнера и эргономиста.

**УДК 747.012.5**

### **ГРАФИКА ӨНЕРІНІҢ ГРАФИКАЛЫҚ ДИЗАЙННЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ РӨЛІ**

**Бозтай Зәмзәгүл Беккүлқызы**

[zamza09@mail.ru](mailto:zamza09@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Дизайн» кафедрасының магистранты  
Ғылыми жетекшісі – п.ғ.к., доцент Бегімбай К.М.

Графикалық дизайнның тарихы, жалпы алғанда, адамзат өркениетінің тарихынан ажырамайтын болып табылады. Атап айтқанда, адамның ең ежелгі және қарабайыр суреттерін графикалық дизайн саласының бастапқы дамуына жатқызуға болады. Графикалық дизайнның тарихы туралы тек бастапқы кезеңді зерттеумен айналысқан кезде нақтырақ айтуға болады – ол графикалық дизайнның көркемдік және кәсіби салаларға жататын қызметтің жеке саласы ретіндегі дамуы.

Графикалық дизайнның тарихы туралы адамзат қызметінің ақпаратты визуалды-коммуникативті ұсынуға бағытталған бөлек саласы ретінде айтуға болады. Шындығында, егер графикалық дизайнның мәнін анықтауға тырысатын болсақ – уақыт өте келе адамның ақпаратты (ойды, үндеу, ескерту) графикалық тәсіл арқылы көрсету – мәтін мен ауызша әдіске қарағанда әлдеқайда түсінікті екені анықталады.

Деректер бойынша, гравюра VI-VII ғасырда Қытайда, ал XIV-XV ғасырдан бастап Еуропада белгілі болса, литография XIX ғасырда пайда болды. Ежелден келе жатқан графикалық тәсілдерге гравюра, эстамп, литография, ксилография жатады, ал графикалық дизайнның жиырмасыншы ғасырдың басында пайда болуын неміс суретшісі және сәулетшісі